



# Дәріс сабағы. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің жауапкершілігі

---

Андабаева Гүльмира Кенжегалиевна

---

1.Кәсіпкерлер  
жауапкершілігінің мәні мен  
түрлері

---

2 Кәсіпкерлер  
жауапкершілігінің туындау  
шарттары


---

3.Кәсіпкерлерді өз  
міндеттемелерін орындау  
шарттары мен әдістері.

# ДӘРІС САБАҒЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

# 1. Кәсіпкерлер жауапкершілігінің мәні мен түрлері

Жауапкершілік дегеніміз – уағдаластықтарды орындау және басқа компаниялар, клиенттер, компанияның қызметкерлері, мемлекет және жалпы қоғам сияқты бизнеспен өзара байланыс жасайтындардың барлығының құқықтарын сақтау міндеті.



## **Кәсіпкерлік субъектілерінің міндеттері**

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер туралы толық және анық ақпарат беруге;
- 4) қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыруды бастау үшін рұқсат алуға не хабарлама жіберуге және т.б.

Жауапкершілікті белгілейтін құқықтық нормалардың салалық тиістілігіне қарай кәсіпкерлердің азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктері қолданылады. Сонымен қатар тәртіптік, материалдық және моральдық жауапкершілік әрекет етеді.



Кәсіпкерлер нарықтық экономиканың субъектілері, азаматтық айналымға қатысушылар ретінде бірінші кезекте **АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ** ие болады. Яғни белгіленген міндеттер мен міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың құқықтық салдары азаматтық заңнамада көрсетілген.



**БІРЛЕСКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК -  
БОРЫШКЕРЛЕРДІҢ АЗАМАТТЫҚ-  
ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ БІР  
ТҮРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**


**БІРЛЕСКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК  
МІНДЕТТЕМЕНІҢ НЫСАНЫ БӨЛІНБЕГЕН  
КЕЗДЕ, БІРЛЕСІП ЗИЯН КЕЛТІРУ ЖӘНЕ  
Т.Б. БОЛҒАНДА ТУЫНДАЙДЫ ЖӘНЕ  
МІНДЕТТЕМЕНІ ҚАБЫЛДАҒАН АДАМДАР  
ТОБЫНЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН  
БІЛДІРЕДІ.**

**СУБСОЛИДАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК –  
ЗАҢДА НЕМЕСЕ ШАРТТА КӨЗДЕЛГЕН  
ЖАҒДАЙЛАРДА БОРЫШҚОРМЕН  
БІРГЕ КРЕДИТОРЛАР АЛДЫНДА  
МІНДЕТТЕМЕНІҢ ТИІСІНШЕ  
ОРЫНДАЛУЫ ҮШІН ЖАУАП БЕРЕТІН  
ТҰЛҒАЛАРДЫҢ (ТАРАПТАРДЫҢ)  
ҚОСЫМША ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.**




Аралас жауапкершілік – екі жақтың  
кінәсінен міндеттемені орындамау  
немесе тиісінше орындамау  
салдарынан туындайтын  
жауапкершілік.

кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік ұйымдардың лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілігімен анықталады.



**Қылмыстық жауапкершілік**  
(Қазақстан Республикасының  
Қылмыстық кодексінің  
нормаларына сәйкес)  
кәсіпкерлік қызмет барысында  
заңсыз әрекеттер жасаудан  
туындайтын кәсіпкерлердің  
заңды жауапкершілігінің бір  
түрі болып табылады.

## 2 Кәсіпкерлер жауапкершілігінің туындау шарттары



Жауапкершілік кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар арасындағы немесе олардың қатысуымен қатынастарды реттейтін азаматтық заңнаманың ережелерін кәсіпкерлер бұзған кезде туындайды.

Азаматтық құқықтарды қорғау төмендегі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:

- құқықтарды қабылдау;
- құқық бұзылғанға дейін болған жағдайды қалпына келтіру және құқықты бұзатын немесе оның бұзылу қаупін тудыратын әрекеттердің алдын алу;
- даулы мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығы салдарын қолдану;
- мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының актісін жарамсыз деп тану;
- міндеттемені орындау, шығындарды өтеу;
- тұрақсыздық айыбын өндіріп алу;
- моральдық зиянды өтеу;
- құқық бұзушылықты тоқтату немесе өзгерту;
- заңда көзделген басқа да тәсілдер.

# Заңды жауапкершіліктің белгілері

МЕМЛЕКЕТТІК  
МӘЖБҮЛЕУДІҢ БІР ТҮРІ  
БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ

ЖАСАҒАН  
ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ  
ҮШІН БЕРІЛЕДІ

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫНЫҢ БЕЛГІЛІ  
БІР ЖЕКЕ, МҮЛІКТІК ЖӘНЕ  
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ  
ҚИЫНДЫҚТАРҒА ТӨТЕП БЕРУ  
МІНДЕТІНЕН КӨРІНЕДІ

МЕМЛЕКЕТТІК  
АЙЫПТАУМЕН  
БАЙЛАНЫСТЫ

# Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі



**бұл бизнестің қоғам дамуына қосқан ерікті үлесі.**

## Әлеуметтік жауапкершілік маңыздылығы

Әлеуметтік жауапкершілік қоғам үшін ғана емес,  
компания үшін де маңызды.

КӘЖ іс-шаралары

қызметкерлер мен корпорациялар арасындағы  
байланысты нығайтуға;

адамгершілікті арттыруға;

қызметкерлерге де, жұмыс берушілерге де қоршаған  
әлеммен байланысты сезінуге көмектеседі.



# 3. Кәсіпкерлерді өз міндеттемелерін орындау шарттары мен әдістері.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес міндеттемені орындау әдістеріне тұрақсыздық айыбы, кепіл, борышкердің мүлкін ұстау, кепілақы, банктік кепілдік және заңда немесе шартта көзделген басқа да әдістер жатады.




# Жауапкершіліктің негізгі нысандары






Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсім)  
– борышқор міндеттемесін  
орындамаған кезде несие берушіге  
төлеуге міндетті, заңдармен немесе  
шартпен белгіленген ақша сомасы.  
Нәтижесінде, кәсіпкер айыппұл  
төлеп, шығындарды өтеуге мәжбүр  
болады.




Залал – сіз шартты бұзған кезде серіктесіңіздің көтеретін шығындары, сондай-ақ серіктесіңіз ала алатын, бірақ шарт бұзылған соң ала алмайтын кіріс.




Кепіл – міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі. Сіз міндеттемелерді орындамаған ретте шығынға ұшырамайтынына сенімді болу үшін серіктес, банк немесе мемлекет пайда болуы мүмкін залалды өтей алатын кепілдің енгізуін талап ете алады.



Кепілдік – міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі, оған сәйкес кепілгер (үшінші тарап) басқа тұлғаның кредиторы алдында міндеттемелердің орындалуына толықтай немесе бір бөлігіне жауап беруге міндеттенеді.



Банк кепілдігі – жазбаша міндеттеме. Ол бойынша банк кепілдік берушінің өзге несиелік немесе сақтандыру ұйымы (кепілдік беруші) принципіалды кредиторға (бенифициарға) беретін міндеттемесінің шарттарына сәйкес бенифициар оны төлеу туралы жазбаша талапты ұсынған кезде ақшалай соманы төлеуге міндетті.



Кепілақы – шарт бойынша уағдаласушы тараптардың біреуінің өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома.



---

1. Басқа компаниялардың  
алдында.

---

2. Тұтынушылардың  
алдында.

---

3. Өз қызметкерлерінің  
алдында

---

4. Мемлекеттің алдында.

---


5. Қоғамның алдында.

**КӘСІПКЕРЛЕР  
КІМНІҢ  
АЛДЫНДА  
ЖАУАПТЫ**

- 
- Кәсіпкерлердің өз тұтынушылары алдында міндеттері



# Басқа компаниялар алдындағы міндеттемелері



# Кәсіпкердің өз қызметкерлері алдындағы міндеттемелері



# Кәсіпкерліктің мемлекет алдындағы міндеттері



**«Starbucks» кофеханалар желісіндегі әлеуметтік жауапкершілік саясаты**



«АНА ҮЙІ»  
жобасы



---

САБАҚ АЯҚТАЛДЫ

САУ БОЛЫҢЫЗДАР

